

Дәріс № 1

Тақырып: Кіріспе. Бұйымдарға арналған материалдар туралы жалпы мәліметтер. Материалдарды конфекционерлеу тапсырмалары.

Жоғары сапалы киім біріншіден қолданылатын материалдардың сапасына, оларды таңдап негіздеуіне, бұйымның моделі мен конструкциясын нақты ойластыруға, өндіру технологиясына байланысты.

Бұйымды дайындауға арналған материалдарды екі топқа бөлуге болады: тоқылған және тоқылмаған. Тоқыма материалдар – бұл иірілген, тоқылған және де басқа бұйымдар: маталар, трикотаж, беймата жаймалары, иірімжіп пен жіптер, жасанды былғары мен елтірі және комплексті материалдар. Тоқыма емес материалдарға – табиғи елтірі мен былғары, пленкалы материалдар, әртүрлі фурнитура және басқа да бұйымдар жатады. Әртүрлі материалдардың 90 %-тен жғарғы көлемін текстиль бұйымдары құрайды.

Ассортимент (фр. – жинақтау, іріктеу) – материалдарды түріне, аталуына, тағайындалуына, сортына және қолданылған шикізатына байланысты іріктеу және материалдар тізімі болып табылады.

Артикул – белгілі бір материалға, бұйымға тағайындалатын бұйымның типі, шартты номері.

Киім пакеті – жағымсыз климаттық әсерлерден қорғайтын, эстетикалық функцияларды орындайтын адамның киетін бұйымдар жинағы. Ол киімдердің комплексінен тұрады: корсеттік бұйымдар, іш киімдер, жеңіл көйлек және жоғарғы бұйым, бас киімдер, аяқ киім, шұлық, қолғаптар. Бірге киілетін бұйымдардың мөлшері мерзімге және климаттық жағдайларға байланысты.

Өзін - өзі тексеру үшін тест сұрақтары:

- A) дайын көйлек, ең керек бұйымдар, жаппай тұтынушылар сәні
 - B) бұйым типі, тауар типі, шартты нөмір
 - C) материалдарды, тауарларды түріне, орналасуына, қолданылған шикізат түріне байланысты және басқа да белгілеріне байланысты таңдау
 - D) адам бір уақытта киетін бұйымдардың жиынтығы
 - E) көп қабатты киім түрлеріне арналған материалдар
2. «Ассортимент» сөзінің мағынасын тап
- A) материалдарды тауарларды түріне, орналасуына, қолданылған шикізат түріне байланысты және басқа да белгілеріне байланысты бөлу
 - B) көп қабатты киім түрлеріне арналған материалдар
 - C) адам бір уақытта киетін бұйымдардың жиынтығы
 - D) дайын көйлек, ең керек бұйымдар, жаппай тұтынушылар сәні
 - E) бұйым типі, тауар типі, шартты нөмір
3. «Артикул» түсінігі қандай мағына береді
- A) бұйым типі, тауар типі, шартты нөмір (немесе белгіленуі)
 - B) көп қабатты киім түрлеріне арналған материалдар
 - C) адам бір уақытта киетін бұйымдардың жиынтығы
 - D) дайын көйлек, ең керек бұйымдар, жаппай тұтынушылар сәні
 - E) материалдарды тауарларды түріне, орналасуына, қолданылған шикізат
4. «Киім пакеті» түсінігі қандай мағына береді
- A) адам бір уақытта киетін бұйымдардың жиынтығы
 - B) дайын көйлек, ең керек бұйымдар, жаппай тұтынушылар сәні
 - C) материалдардың, тауарлардың түрі
 - D) бұйым типі, тауар типі, шартты нөмір (немесе белгіленуі)
 - E) көп қабатты киім түрлеріне арналған материалдар

F) Қолданылған әдебиеттер:

- G) 1. Орленко, Л.В. Конфекционирование материалов для одежды [Текст] : учебное пособие / Л. В. Орленко, Н. И. Гаврилова. - М. : Инфра-М, 2017. - 287 с.

- Н) 2. Практикум по материалам для одежды и конфекционированию [Текст] : учебное пособие / В. И. Стельмашенко [и др.]. - М. : ФОРУМ:ИНФРА-М, 2019. - 144 с
- Г) 3. Бессонова Н.Г., Бузов Б.А. Материалы для отделки одежды. учебное пособие Бессонова Н.Г., Бузов Б.А. - М. : ФОРУМ:ИНФРА-М, 2015. - 144 с
- Ж) 4. Конфекционирование материалов для одежды [Текст] : учебное пособие / Л. В. Орленко, Н. И. Гаврилова. - М. : Инфра-М, 2020. - 287 с. <https://new.znanium.com/read?id=349442>
- К) 5. Практикум по материалам для одежды и конфекционированию : учебное пособие / В.И. Стельмашенко, Н.А. Смирнова, Т.В. Розарснова, Ю.В. Назарова - М. : ИД «ФОРУМ» : ИНФРА-М, 2019. — 144 с. — (Высшее образование). - ISBN 978-5-16-103571-9. - Текст : электронный. - URL: <https://new.znanium.com/catalog/product/1020702>